

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Орталық депозитарийдің бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 27 қазандағы N 381 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 314 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 22 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3845. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 128 Қаулысымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 128 Қаулысымен.

Нормативтік құқықтық актілерді "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Орталық депозитарийдің бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 27 қазандағы N 381 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 2586 тіркелген, "Вестник Национального Банка Казахстана" баспа басылымында жарияланған, 2003 жыл, N 24) Агенттік Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 111 қаулысымен енгізілген толықтырумен бірге (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 3613 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Орталық депозитарийдің бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыру ережесінде:

барлық мәтін бойынша "Депозитарлық қызмет көрсету шарты", "Депозитарлық қызмет көрсету шартын", "депозитарлық қызмет көрсету шартында" деген сөздер тиісінше "Номиналды ұстау шарты", "Номиналды ұстау шартын", "номиналды ұстау шартында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Тоқобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне және "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-на жіберсін .

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға